

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ  
Басқармасының шешімімен

(2014 жылдың 14 ақпанындағы  
№ 137/0 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2014 жылдың 03 наурызынан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

## Автоматты репо нарығының МАМАНДАНЫМЫ

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

**1. № 1 өзгерту:**

- "Қазақстан қор бирдасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2014 жылдың 19 наурызындағы № 43 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2014 жылдың 01 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

**2. № 2 өзгерту:**

- "Қазақстан қор бирдасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2014 жылдың 04 маусымындағы № 80 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2014 жылдың 09 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Маманданым "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа "Репо операцияларын жүзеге асыру ережелері"<sup>1</sup> (бұдан әрі – Репо операцияларын жүзеге асыру ережелері) атты ішкі құжатына сәйкес әзірленіп, автоматты репо нарығының негізгі сипаттамаларын анықтайды.

### 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Маманданымда, жоғарыда айтылмыш Ережелер мен басқа да Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген, ұғымдар қолданылған.
2. Осы Маманданымның мақсаттары үшін репо операциясы деп тек "автоматты" әдіспен жүзеге асырылатын репо операциясын түсіну керек.
3. Репо операциялары жүзеге асырғанда тек бір валютаны – қазақстандық теңгені ғана пайдалануға рұқсат етілген.
4. Қаржы құралдары ретінде репо операциялары келесідей тәртіпте қалыптастырылады:
  - 1) осы Маманданымның 6 бабы 1) тармағында белгіленген бағалы қағаздармен – репо операцияларының заты болып табылатын бағалы қағаздардың атауына қарамастан, мерзімі бірдей репо операциялары бір қаржы құралы болып саналады;
  - 2) осы Маманданымның 6 тармағының 2)-5) тармақшаларында белгіленген бағалы қағаздармен – бағалы қағазының әрбір жеке атауына қатысты мерзімі әртүрлі репо операциялары әртүрлі қаржы құралы болып саналады.
5. Қаржы құралдары ретінде репо операцияларының сауда-саттық жүйесіндегі кодтары "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелеріне, қаржы құралдарын және бағалы қағаздар эмитенттерін кодтау тәртібі туралы нұсқаулық"<sup>2</sup> атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес белгіленеді.

### 2 тарау. РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЗАТТАРЫ

6. Репо операциясының заттары ретінде төменде аталған бағалы қағаздардың тұрпаттары<sup>3</sup> қолданылуы мүмкін, олар мынадай шарттарға (осы Маманданымның 7 тармағында белгіленгеннен басқа және осы Маманданымның 9 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) сай болуы тиіс:
  - 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, соның ішінде, Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен шығарылған және Биржаның ресми тізімінің "мемлекеттік бағалы қағаздар" секторына енгізілген, бағалы қағаздар;
  - 2) Биржаның ресми тізімінің бірінші санаты бойынша енгізілген акциялар;
  - 3) эмитенттері листингтік талаптарға толық сәйкес келетін, Биржаның ресми тізіміне "Рейтингтік бағалауы бар борыштық бағалы қағаздар" санаты бойынша енгізілген және Standard&Poor's рейтингтік агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша кемінде "B-" рейтингтік бағалауы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктің<sup>4</sup> халықаралық

---

<sup>1</sup> Биржалық кеңестің шешімімен (2012 жылдың 29 ақпанындағы № 4 отырыс хаттамасы) бекітілген.

<sup>2</sup> Биржа Басқармасының шешімімен (2013 жылдың 11 қазанындағы отырыс хаттамасы) бекітілген.

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау Агенттігі Басқармасының 2008 жылдың 29 қазанындағы № 170 қаулысымен бекітілген, Бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастырушысының қызметін жүзеге асыру ережелерінің 37 тармағының нормаларынан шыға отырып.

<sup>4</sup> Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау Агенттігі Басқармасының 2008 жылдың 29 қазанындағы № 170 қаулысымен бекітілген, Бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастырушысының қызметін жүзеге асыру ережелерінің 35 тармағына сәйкес, "Standard & Poor's" рейтингтік агенттіктің бағалауларынан басқа, уәкілетті орган "Moody's Investors Service" және "Fitch" рейтингтік агенттіктердің немесе олардың еншілес ұйымдарының рейтингтік бағалауларын мойындайды (бұдан әрі – басқа да рейтингтік

шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағалауы бар, немесе Standart&Poor's рейтингтік агенттіктің ұлттық шкаласы бойынша кемінде "kzB-" рейтингтік бағалауы бар, борыштық бағалы қағаздар;

- 4) Биржаның ресми тізіміне "Рейтингтік бағалауы жоқ борыштық бағалы қағаздар" санатының бірінші санатшасы бойынша енгізілген, борыштық бағалы қағаздар.
- 5) KASE Индексінің өкілетті тізімінде тұрған, акциялар.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2014 жылдың 04 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*

7. Репо операциясының заты ретінде Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелері (МЕУЖКАМ), олардың айналыста болу мерзімінің бірінші жартысында, қолданылмайды.
8. Осы Маманданымның 6 тармағының 1) тармақшасында белгіленген бағалы қағаздардың кез келген атауы, осындай бағалы қағаздардың шығарылуына қарай Сауда-саттық департаментінің орнатқан сауда-саттық жүйесінің қажетті баптаулары арқылы, Ақпарат және талдау департаментінің ұсынған осындай бағалы қағаздардың шығарылуы туралы мәліметтері негізінде, Биржа Басқармасының қандай да бір шешімісіз репо операциясының заты ретінде қолданылуы мүмкін.
9. Осы Маманданымның 6 тармағының 2)–5) тармақшаларында аталған қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар, Биржа Басқармасының арнайы шешім қабылдау шартымен, репо операциясының заты ретінде қолданылуы мүмкін.
10. Биржа Басқармасы қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарды репо операциясының заты ретінде қолдануға рұқсат беру туралы шешімі мынадай шарттармен қабылданады:
  - 1) осы атаудағы бағалы қағаздарға қатысты осы Маманданымның 6 тармағының 2)–5) тармақшаларымен белгіленген шарттар қолданылады;
  - 2) осы атаудағы бағалы қағаздар және олардың эмитенттері Биржаға ресми тізіміне енгізілген санаттың (санатшаның) негізгі листингтік талаптарына<sup>5</sup> толық сәйкес келеді;
  - 3) осы атаудағы бағалы қағаздарға қатысты, осы Маманданымның 11 тармағымен белгіленген, тыйым қолданылмайды.
11. Қандай да бір эмитенттің шығарған, осы Маманданымның 6 тармағының 2)–5) тармақшаларында белгіленген тұрпаттарына жатқызылған бағалы қағаздарының кез келген атауларын, мынадай негіздер туындағанда, репо операциясының заты ретінде қолдануға тыйым салынады:
  - 1) осы эмитенттің, қандай да бір өзі шығарған бағалы қағаздары бойынша ұстаушылар алдында орындау мерзімі өткен, орындалмаған міндеттемелері пайда болса;
  - 2) осы эмитент шығарған бағалы қағаздарды рұқсат ету бастамашысының, листингтік келісім-шартпен белгіленген мерзімнен кейін үш ай бойы, Биржаның алдында осы эмитенттің қаржылық есеп берушілігін (соның ішінде аралық есеп берушілік) ұсыну бойынша орындалмаған міндеттемелері пайда болса;
  - 3) осы эмитент шығарған бағалы қағаздарды рұқсат ету бастамашысының, "Листингтік ережелер"<sup>6</sup> атты Биржаның ішкі құжатының 29 бабында белгіленген мерзімнен кейін он күн бойы Биржа алдында, аталмыш бапқа сәйкес ұсынылуы тиіс, осы эмитент және/немесе оның шығарған бағалы қағаздары туралы елеулі ақпаратын ұсыну бойынша орындалмаған міндеттемесі пайда болса.

---

агенттіктер)".

<sup>5</sup> Негізгі листингтік талаптар – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, эмитенттерді және олардың шығарған бағалы қағаздарын Биржаның ресми тізіміне енгізу және осында болуы бойынша қойылатын, талаптар.

<sup>6</sup> Биржалық кеңестің шешімімен (Биржалық кеңес мүшелерінің 2009 жылдың 05 қарашасындағы № 29 (з) сырттай дауыс беру хаттамасы).

12. Қандай да бір эмитент шығарған бағалы қағаздарға қатысты, осы Маманданымның 11 тармағына сәйкес орнатылған тыйым, осы бағалы қағаздардың эмитенті немесе рұқсат ету бастамашысы (рұқсат ету бастамашылары) осындай тыйымды орнатуға себеп болған тәртіп бұзушылықты (тәртіп бұзушылықтарды) жойғаннан кейін (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) алып тасталады.

Қандай да бір эмитенттің бағалы қағаздарын репо операциясының заты ретінде қолануға орнатылған тыйым осы Маманданымның 11 тармағына сәйкес, осы эмитент өзінің борыштық бағалы қағаздары бойынша сыйақысы және/немесе оны бағалы қағаздарының айналыста болу мерзімі аяқталғаннан кейін атаулы құнын төлемегеніне байланысты орнатылған болса, бұл тыйымды Биржа осы эмитент өзінің борыштық бағалы қағаздарын ұстаушылары алдындағы берешегін толық көлемде (бағалы қағаздардың шығарылым аңдатпасында (аңдатпаларында) қарастырылған айыппұлдар мен тұрақсыздық төлемдерін қоса) өтегені туралы ақпарат алғаннан кейін ғана жойяды

13. Биржа Басқармасы қандай да бір атаудағы бағалы қағазды репо операциясының заты ретінде қолдану туралы шешімді Биржа, "қор нарығының мүшесі" санаты бойынша Биржа мүшесінің тиісті өтініші және, осы Маманданымның 10 тармағында белгіленген, шарттардың орындалуын растайтын, Мониторинг бөлімінің қызметік жазбахаты негізінде қабылдайды.
14. Биржа мүшесінің қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарын репо операциясының заты ретінде қолдану туралы өтініші еркін түрде құрастырылып, мынадай талаптарға сай болуы тиіс:
- 1) Биржаға бірмағыналы сәйкестендіруге мүмкіндік беретіндей, осы атаудағы бағалы қағаздар туралы мәліметтер;
  - 2) осы Биржа мүшесі үшін осы атаудағы бағалы қағаздармен репо операцияларының мерзімдері мен осы операциялар бойынша сауда-саттықтар бастау күні (осы Маманданымның 15 және 16 тармақтарында белгіленген, ерекшеліктерді ескере отырып);
  - 3) осы Биржа мүшесінің құжаттарына (мысалы, карточка) сәйкес, қолтаңбалардың үлгілері (қолтаңбаның растығы нотариуспен куәландырылған), осы Биржа мүшесінің мөрі басылған, Биржа мүшесі атынан бірінші қол қоюға құқылы тұлғаның қолы қойылуы тиіс;
  - 4) оны Биржа, осы атаудағы бағалы қағаздармен репо операциялары бойынша сауда-саттық өткізуді бастадың Биржа мүшесі үшін ыңғайлы күннен бір жұмыс күн бұрын Алматы уақытымен 13.00-ден кешіктірмей, алуы тиіс.
15. Осы Маманданымның 2 тармағының 1) тармақшасында аталған бағалы қағаздармен репо операциясын жүзеге асырудың стандартталған мерзімдері Intraday<sup>7</sup>, бір, екі, үші, жеті, 14 және 28 күнді құрайды.

Осы Маманданымның 6 тармағының 2)-5) тармақшаларында аталған бағалы қағаздармен репо операциясын жүзеге асырудың стандартталған мерзімдері Биржа Басқармасының осы бағалы қағаздарды репо операциясының заты ретінде қолдануға рұқсат ету туралы шешіміне сәйкес, Өтініштерде көрсетілген репо операциясының ұсынылған мерзімдеріне қарай, белгіленеді. Бұл ретте, осы бағалы қағаз бойынша репо операцияларының мерзімдерінің жалпы саны бестен, ал аталған бағалы қағаз бойынша репо операциясының максималды мерзімі 30 күннен<sup>8</sup> аспауы тиіс.

16. Осы Маманданымның 6 тармағының 2)-5) тармақшаларына сәйкес репо операциясы заты ретінде рұқсат етілген бағалы қағаздар бойынша репо операциясы бойынша сауда-саттықтың басталу датасы, Биржа Басқармасының осы бағалы қағазды репо операциясының заты ретінде рұқсат ету шешіміне сәйкес, өтініште көрсетілген сауда-

<sup>7</sup> Intraday (ағыл.) – бір (жұмыс) күн ішінде (шегінде).

<sup>8</sup> Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау Агенттігінің 2008 жылдың 29 қазанындағы № 170 қаулысымен бекітілген, Бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттықтар ұйымдастырушысының қызметін жүзеге асыру ережелерінің 39 тармағына сәйкес.

саттықты бастаудың ұсынылған датасына қарай (осы тармақтың екінші және үшінші абзацтарында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп), анықталады.

Осы Маманданымның 6 тармағының 2)–5) тармақшаларында белгіленген, қандай да бір атаудағы бағалы қағаздармен репо операциялары бойынша сауда-саттықтар, Биржа осы Биржа мүшесінен осындай қолдану туралы өтінішін алған күннен кейінгі келесі жұмыс күннен ерте емес ашылады.

Егер Өтініште репо операциясының заты ретінде қолдануға рұқсат етілген бағалы қағаз бойынша репо операциясы жүзеге асырылатын сауда-саттықтың басталу датасы көрсетілмеген болса, онда осы сауда-саттықтың басталу датасын Биржа Басқармасы өз бетінше анықтап, Биржа Басқармасының осы бағалы қағазды репо операциясы заты ретінде қолдануға рұқсат ету туралы шешімімен белгілейді.

17. осы Маманданымның 6 тармағының 2)–5) тармақшаларында белгіленген бағалы қағаздардың арасындағы қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар, мынадай негіздердің кез келгені туындаған жағдайда (осы Маманданымның 18-21 тармақтарында белгіленген, ерекшеліктерді ескеріп) репо операциясының заты ретінде қолдануға рұқсат ат етілген бағалы қағаздар тізімінен алып тасталады:

- 1) осы атаудағы бағалы қағаздармен репо операциялары қатарынан 90 күнтізбелік күн бойы жүзеге асырылмаса;
- 2) осы атаудағы бағалы қағаздарға қатысты осы Маманданымның 6 тармағының 2)–5) тармақшаларында белгіленген шарттардың қолданылуы тоқтатылса;
- 3) осы атаудағы бағалы қағаздар және/немесе олардың эмитенті осы бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген санат (санатша) бойынша негізгі листингілік талаптарға (бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің бар болуы жөніндегі негізгі листингілік талаптан басқа) сай болмай қалса;
- 4) осы атаудағы бағалы қағаздар осы Маманданымның 11 тармағымен белгіленген, тыйымның қолданысына шалдықса.

18. осы Маманданымның 17 тармағының 1) немесе 2) тармақшасында белгіленген, негіздер бойынша осы бағалы қағаздардың репо операцияларының заты ретінде қолдануға рұқсат етілгендер тізімінен алып тастау мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

- 1) Сауда-саттық департаменті, репо операциясының заты ретінде қолдануға рұқсат етілген, барлық атаудағы бағалы қағаздарды, осы Маманданымның 17 тармағының 1) және 2) тармақшаларында аталған белгілердің бар-жоғын күнде тексереді де, осындай белгілер анықталған жағдайда, Биржа Басқармасының арнайы шешімісіз, сауда-саттық жүйесінің қажетті баптауларын орнату арқылы, тиісті атаудағы бағалы қағаздарды қолдануға рұқсат етілгендер арасынан алып тастайды;
- 2) қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарды репо операцияларының заты ретінде қолдануға рұқсат етілгендер арасынан алып тастағанда, Сауда-саттық департаменті, оның жұмысына жетекшілік ететін, Биржа Басқармасының мүшесіне, сондай-ақ Ақпарат және талдау департаментіне электрондық пошта арқылы осы атаудағы бағалы қағаздар туралы мәліметтерді жолдайды;
- 3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілгендей, Ақпарат және талдау департаменті мәліметтерді алғаннан кейін тиісті шараларды қолданады.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2014 жылдың 19 наурызындағы шешімімен өзгертілген).*

19. Маманданымның 17 тармағының 3) және 4) тармақшаларында белгіленген негіздер бойынша репо операциясының заты ретінде қолдануға рұқсат етілген бағалы қағаздарды осы тізімнен алып тастау мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

- 1) Мониторинг бөлімі, репо операциясының заты ретінде қолдануға Биржа Басқармасымен рұқсат етілген, барлық атаудағы бағалы қағаздарды, осы Маманданымның 17 тармағының 3) және 4) тармақшаларында аталған белгілердің бар-жоғын күнде тексеріп, осындай белгілердің бірі анықталған жағдайда Биржа Басқармасының қарауына қызметтік жазбахатымен тиісті атаудағы бағалы қағаздар туралы мәліметтерді ұсынады;

- 2) Биржа Басқармасы осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес қызметтік жазбахатын алғаннан кейін, осы қызметтік жазбахатта мәліметтері берілген, бағалы қағаздарды репо операциясының заты ретінде қолдануға рұқсат етілгендердің арасынан алып тастау туралы шешім қабылдап, Биржаның құрылымдық бөлімшелеріне тиісті шараларды қолдану туралы тапсырма береді;
- 3) 2) Тармақшаға сәйкес тапсырма алғаннан кейін, Биржаның құрылымдық бөлімшесі қажетті шараларды қолданады.
20. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарды, осы Маманданымның 17 тармағының 3) және 4) тармақшасында белгіленген негіздер бойынша, репо операциясының заты ретінде қолдануға рұқсат етілгендердің арасынан алып тастау, осы атаудағы бағалы қағаздардың осыдан бұрын ашылған репо операцияларына қатысты қолданылмайды және осы операциялардың қатысушыларын, осы репо операцияларына жататын жабылу мәмілелерін орындаудан босатпайды.
21. Осы маманданымның 18 және 19 тармағында белгіленген, процедуралар бір күнде орындалуы тиіс.
22. Осы Маманданымның 17 тармағына сәйкес репо операцияларының заты ретінде қолдануға рұқсат етілгендер арасынан алып тасталған бағалы қағаздар, осы Маманданымның 13–16 тармақтарымен белгіленген, тәртіпте қайта рұқсат етілуі мүмкін.

### 3 Тарау. РЕПО АШЫЛУ ЖӘНЕ ЖАБЫЛУ МӘМІЛЕЛЕРІНІҢ ПАРАМЕТРЛЕРІН ЕСЕПТЕУ

23. Репо ашылу бағасы, Биржаның "Бағалы қағаздарды бағалау Әдістемесі" <sup>9</sup> атты ішкі құжатына сәйкес анықталған, бағалы қағаздар бағасына тең.
24. Репо операциясы заттарының саны сауда-саттық жүйесімен автоматты түрде, репо операциясына қатысушылармен мәміле жасасқанда көрсеткен репо ашылу мәмілесінің сомасына және операцияның ашылу бағасына қарай, келесі формуламен есептелінеді:

$$K = \left[ \frac{Q}{P_0} \right], \text{ мұнда}$$

K – репо операциясы заттарының саны (дана);

Q – репо операциясының қатысушыларымен мәміле жасасқанда көрсетілген, репо ашылу мәмілесінің сомасы (теңге);

P<sub>0</sub> – репо операциясының ашылу бағасы (теңге);

[ ] – алынған нәтижені ең жақын бүтін санға дейін көбейту жағына қарай дөңгелектеу.

25. Репо ашылудың нақты сомасы сауда-саттық жүйесімен, репо операциясы затының санына және репо операциясының ашылу бағасына қарай, келесі формуламен есептелінеді:

$$Q_0 = K \times P_0, \text{ мұнда:}$$

Q<sub>0</sub> – репо ашылу мәмілесінің нақты сомасы (теңге).

26. Репо операциясының жабылу бағасы сауда-саттық жүйесімен автоматты түрде, репо операциясының кірістілігі, репо операциясының мерзімі және репо операциясының ашылу бағасына қарай, келесі формуламен есептелінеді:

$$P_c = \left( \frac{I}{365} \times n \times \frac{P_0}{100} \right) + P_0, \text{ мұнда}$$

P<sub>c</sub> – репо операциясының жабылу бағасы (теңге);

I – репо операциясының кірістілігі (жылдық пайызбен);

n – репо операциясының мерзімі (күнмен)<sup>10</sup>

<sup>9</sup> Биржалық кеңестің (2011 жылдың 31 наурызындағы № 7 отырыс хаттамасы) бекітілген.

<sup>10</sup> Intraday мерзімімен репо операциясы үшін n бірге тең деп қабылданады.

27. Репо жабылу мәмілесінің сомасы, сауда-саттық жүйесімен автоматты түрде, репо операциясы затының санына және репо операциясының жабылу бағасына қарай, келесі формуламен есептелінеді:

$$Q_c = K \times P_c, \text{ мұнда}$$

$Q_c$  – репо жабылу мәмілесінің сомасы (теңге).

28. Репо жабылу мәмілесінің сомасы, егер репо жабылу датасы жұмыс істемейтін (демалыс немесе мерекелік) күнге келетін болса, репо операциясы мерзімінің ұзақтылығына қарай, сауда-саттық жүйесімен автоматты түрде қайта есептелінеді.
29. Репо операциясының ашылу және жабылу бағалары сауда-саттық жүйесімен автоматты түрде төртінші таңбасына дейін, ал репо ашылу мәмілесінің сомасы және репо жабылу мәмілесінің сомасы – математикалық дөңгелектеу ережелеріне сәйкес (беске дейінгі сандар нөлге дейін, ал бес және бестен жоғары сандар онға дейін) үтірден кейін екінші таңбасына дейін дөңгелектенеді.

### **3 Тарау. РЕПО ОПЕРАЦИЯСЫНЫҢ БІР ЗАТЫН БАСҚАСЫНА АУЫСТЫРУ**

30. Репо операциясының бір затын басқасына ауыстыру тек, жоғарыда аталған репо операцияларын жүзеге асыру Ережелерімен белгіленген жағдайларда және осы Ережелермен белгіленген шарттармен, іске асырылуы мүмкін; бұл ретте:
- 1) егер репо операциясының ауыстырылатын заты ретінде осы Маманданымның 6 тармағының 1) тармақшасында аталған бағалы қағаздардың біреуі қолданылған болса, онда осы тармақшада көрсетілген кез келген басқа бағалы қағазға ауыстырыла алады;
  - 2) егер репо операциясының заты ретінде осы Маманданымның 6 тармағының 2)–5) тармақшасында аталған бағалы қағаздардың бірі болса, оны басқа бағалы қағазға ауыстыруға тыйым салынады.

Президент

А.М. Жолдасбеков